

8-тақырып

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мақсаты: Студенттерде Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері туралы мәліметтерді қалыптастыру

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы. Экология заңдарының міндеті қоғам мен қоршаған орта арасындағы тепе-теңдікті сақтау, адамның өмірі мен денсаулығына қоршаған ортаның қолайлы болу құқығын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақтың мүддесі үшін қоршаған ортаны қорғау, адамның қызметінің қоршаған ортаға зиянды ықпал етуіне жол бермеу, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды насихаттау. Табиғатты қорғауды құқықтық қамтамасыз ету үшін табиғат игіліктерін сақтау және қалпына келтіру жолымен пайдалану шарттары және негіздері заңды түрде анықталып, табиғатты қорғау мақсатында көзделген құқықтық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленуі қажет. Құқықтық жауапкершілікті қолдану арқылы экологиялық талаптарды орындауды мемлекеттік мәжбүрлеу іске асырылады.

Жалпы, құқықтық мемлекетті құрудағы қоғамның маңызды ерекшелігі – құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтау болып табылады. Экологиялық құқықтық тәртіпті бұзатын адамдардың іс-әрекеттеріне қарсы тұру бұл заңды жауапкершілікті қолдану болып танылады. Сәйкесінше, жауапкершіліктің маңызды міндеттерінің бірі – қоғамда заңдылықты қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және ескерту, қоршаған табиғи ортаға келтірілген шығындарды өтеттіру.

М.М. Бринчуктың пікірі бойынша, экологиялық құқық бұзушылық ұғымын анықтаған кезде келесідей екі мән-жайға назар аудару қажет. Біріншіден, экологиялық тұрғыдағы құқыққа қарсы әрекет салдары әрдайым кінәлі әрекет бола бермейді. Мысалы, жоғары қауіптілік көздерімен келтірілген зиян. Екіншіден, экологиялық құқық бұзушылықты жасау үнемі зиян келтірілуімен байланысты бола бермейтіндігі. Кейбір жағдайларда зиян келтірілмейді, тек оның орын алу қаупі болуы мүмкін. Жалпы, М.М. Бринчуктың көзқарасы бойынша, экологиялық құқық бұзушылық – бұл экологиялық зиянды келтіретін немесе зиянның орын алу қаупі бар сипаттағы не болмаса экологиялық құқық субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын құқық бұзушылардың құқыққа қарсы, кінәлі әрекеті немесе әрекетсіздігі.

В.В. Петров экологиялық (экологиялық – құқықтық) құқық бұзушылық – бұл экологиялық заңнамаларда белгіленген құқықтық тәртіпке бағытталған, сонымен қатар қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін немесе зиян әкелу қаупін төндіретін кінәлі, құқыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік деп қарастырады.

Экологиялық құқық бұзушылық – бұл рационалды табиғат пайдалану тәртібін бұзатын, жеке және заңды тұлғаларға, шаруа (фермер) қожалықтарына, мемлекетке және қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін немесе зиян әкелу қаупін төндіретін кінәлі, құқыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік.

Жалпы алғанда, заң алдындағы жауаптылық – құқық бұзушының заңға қарсы кінәлі іс-әрекеттеріне – құқық бұзушылығына жауап ретінде пайда болатын тұлғалық, мүліктік немесе ұйымдастыру тәртібімен жайсыз салдарларды көтеру міндеті. Заңды жауапкершілік дегеніміз – құқық бұзушы тұлғаның өзі жасаған құқыққа қайшы кінәлі іс-әрекетіне жауап ретінде туындайтын жеке, мүліктік және ұйымдастырушылық тәртіптегі сәтсіз зардаптарға әкеліп соғатын әрекет немесе әрекетсіздік.

Ал, экологиялық құқық бұзушылықтарға жауапкершілікті бір-бірімен тығыз байланысты үш түрлі мағынадағы жалпы заңдық жауапкершілік ретінде қарастыруға болады, яғни олар төмендегідей тәртіпте қарастырылады:

- а) заңмен бекітілген талаптарды орындау бойынша мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары ретінде;
- б) мемлекет пен (оның органдарының тұлғасында) құқық бұзушы (санкцияға тартылғандар) арасындағы құқықтық қатынастар ретінде;
- в) құқықтық институт ретінде, яғни құқықтың әртүрлі салаларының заң нормаларының жиынтығы (жер, тау-кен, су, орман, табиғат қорғау және тағы басқалар).

Экологиялық заңнамаларды бұзғаны үшін жауапкершілік ретінде мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары көптеген реттермен қарастырылады.

Құқық бұзушылық ретінде жауапкершілік мемлекеттік органдар мен құқық бұзушы арасындағы туындайтын қатынастармен реттеледі. Яғни, бұл жағдайда экологиялық құқық бұзушылық қатынастарының бір тарабы – мемлекеттік органдар ретінде экологиялық құқық бұзушылық қатынастары істерін қарастыратын арнайы өкілеттік берілген органдар болып табылады.

Құқықтық институт ретінде құқық бұзушыға әрекет ететін мәжбүрлеу шараларын қолдану мен жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормалар қарастырылады. Аталған құқықтық жауапкершілік институтының ерекшелігі – оның кешенділігі. Экологиялық құқық бұзушылықтың нормалары жүйесін өзге құқық салаларының нормалар жүйесі де құрайды, атап айтсақ, олар: жер, орман, су, тау-кен, экологиялық, еңбек, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық құқықтар және өзге де құқықтардың нормалары.

Экологиялық заңдарды бұзу дегеніміз – белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және табиғи ортаға зиян келтіретін заңға қайшы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік.

Экологиялық құқық бұзушылықтың төмендегідей белгілері бар:

1. Кінә. Табиғатқа зиян келтірген тұлғаның кінәсі қасақаналық және абайсыздық нысанда болады.

2. Тұлғаның мінез-құлқының құқыққа қайшы болуы, бұл экологиялық нормалардың және басқа да заңдылықтың бұзылуын білдіреді.

3. Қоғамдық қауіптілік – бұл қоршаған ортаға, экологиялық құқыққа және жеке немесе заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіру немесе зиян келу қаупінің тууы.

4. Құқыққа қайшы әрекет пен зиянның пайда болуының немесе оны келтірудегі шын қауіптің себептілік байланысының болуы.

5. Жазаланушылық, яғни құқық бұзушылық жасаған тұлғаға заңды жауапкершілік шаралары қолданылады.

Құқық бұзушылық туралы тек, олардың қалыптасуының барлық элементтері бар жағдайда, яғни құқық бұзушылық құрамы анық болған жағдайда айтуға болады. Сәйкесінше, экологиялық құқық бұзушылықтың төмендегідей элементтері қарастырылады:

- а) объектісі;
- б) субъектісі;
- в) объективтік жағы;
- г) субъективтік жағы.

Аталған құқық бұзушылық құрамына қысқаша тоқталып өтсек.

– Экологиялық құқық бұзушылық объектісі ретінде табиғатты рационалды, мақсатқа сай пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық қатынастар қарастырылады.

Заң әдебиеттерінде осы тұрғыда әртүрлі көзқарас қалыптасқан. Б. Ерофеев экологиялық құқық бұзушылық объектісін адам мен қоғамның тіршілік ету ортасымен өзара байланысты тиімді өмір сүруі үшін жағдайларды қамтамасыз ету тұрғысынан алғандағы қоғамдық қатынастар деп бағалайды. Қысқаша айтатын болсақ, қолайлы қоршаған ортаға қатысты қатынастар.

С.Д. Бекишеваның тұжырымы бойынша, қоршаған ортаның сапасы мен жай-күйін қамтамасыз етуге және сақтауға байланысты қоғамдық қатынастар экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі болып табылады.

Жалпы, экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі болып заңмен қорғалатын табиғат пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қоғамдық нормалардың жиынтығы табылады.

– Объективті жағынан экологиялық құқық бұзушылық та кез келген құқық бұзушылық сияқты құқыққа қарсы бағытталған әрекет (ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу және зақымдау) немесе әрекетсіздік (жер қойнауын қорғау ережелерін орындамау).

Объективтік жақтың өзіне тән белгілері бар, олар:

- а) құқыққа қарама-қайшылығы;
- б) зиянның болуы немесе нақты қауіп-қатердің орын алуы;
- в) құқыққа қарама-қайшылық пен келтірілген зиян арасындағы байланыс.

– Экологиялық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы кінә түрінде көрсетіледі. Субъективтік жақтың міндетті белгісі – субъектінің іс-әрекетіндегі қасақана немесе абайсыз нысанда көрініс табатын құқық бұзушылығы. Кінә екі нысанда қарастырылады: қасақана (тікелей және жанама) және абайсыздық (менмендік пен немқұрайлылық).

- Экологиялық құқық бұзушылықтың субъектісі – ақыл-есі дұрыс, белгілі бір жасқа жеткен азаматтар мен заңды, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік тұлғалар бола алады.

Экологиялық құқық бұзушылықты әртүрлі критерийлер бойынша бірнеше топқа жіктеуге болады:

а) санкциялардың қолданылуына байланысты:

- әкімшілік құқық бұзушылық;
- қылмыстық құқық бұзушылық;
- тәртіптік құқық бұзушылық;
- азаматтық-құқықтық құқық бұзушылық.

б) қоғамдық қауіптілік деңгейіне байланысты:

- экологиялық қылмыстар;
- экологиялық әрекеттер.

в) қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиянға байланысты:

- қоршаған табиғи орта мен оның жекелеген табиғи объектілерінің ластануы (орман, су, жер, жер қойнауы және т.б.);
- табиғи объектілердің бүлінуі, жойылуы және бұзылуы (жерлердің бүлінуі, Қызыл кітапқа енген жануарлардың жойылуы, ормандардың ағынды сулармен, химиялық улы заттармен, өндірістік және коммуналды тұрмыстық қалдықтармен бүлінуі);
- табиғи ресурстардың жұтануы;
- табиғи ресурстардың мақсатқа сай емес, тиімсіз пайдаланылуы.

В.В.Петров экологиялық құқық бұзушылықты үш топқа бөліп қарастырады:

- табиғи ресурстарды иелену, пайдалану құқықтарын бұзатын құқық бұзушылықтар;
- қоршаған табиғи ортаны қорғаудың экологиялық талаптарын бұзатын құқық бұзушылықтар;
- табиғи ресурстардың шаруашылық эксплуатациясына қарсы бағытталған құқық бұзушылықтар (мысалы, гидротехникалық құрылыстардың бұзылуы).

Нақты алғанда, экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік деп – қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнаулы уәкілетті органдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де уәкілетті субъектілердің тұлғасындағы мемлекет пен экологиялық құқық бұзушылықты жасаған тұлға арасындағы құқық бұзушыға тиісті өндірулер қолдануды түсінеді.

Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілік бірқатар міндеттерді атқарады: экологиялық құқықтың нормаларын орындауға ынталандырады; қоршаған ортаға келтірілген шығынды өтейді; жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді; экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғаны жауапкершілікке тартады.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз ететін негізгі құрал ретінде қызмет етеді. Осы құралдың тиімділігі көп жағдайларда экологиялық заңнаманы бұзушыларға заң алдындағы жауаптылық шараларын қолдануға уәкілетті мемлекеттік органдарға байланысты. Экологиялық құқық бұзушылық үшін заң алдындағы жауаптылық экологиялық құқық бұзушылық жасағаны үшін жағымсыз зардаптарды көтеру міндетін бұзушыға жүктеуді көздейді.

Экологиялық заң бұзушылық үшін заңды жауапкершілік бұл – бір жағынан, қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы құзыретті органдар, құқық қорғаушы органдар, басқа да құзыретті субъекті және, екінші жағынан, экологиялық заң бұзушылықты жасаған жеке, заңды немесе лауазымды тұлға арасындағы заң бұзушыға сәйкес алымдарды жүргізудегі қатынас.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану заңнамаларының ең негізгі талаптарының бірі болып табылады.

Экологиялық құқық бұзушылық құрамына байланысты әкімшілік немесе тәртіптік тәртіп бұзу немесе қылмыс болуы мүмкін, оларды жасағаны үшін, әрине, әкімшілік, тәртіптік және қылмыстық жауапкершілік туындайды. Зиян тигізу немесе залал келтіру азаматтық-құқықтық жауапкершілікке әкеп соғады.

Жауаптылықтың кейбір түрлері бірден қолданылуы мүмкін, мысалы, тәртіптік жауапкершілік оған қоса залалдың орнын толтыру, ал басқалары – тек балама негізде қолданылуы мүмкін. Бұл қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке қатысты. Осы берілген құқық бұзушылықтардың объективті жағы сәйкес келуі мүмкін, айырмасы тек жасалған іс-әрекеті үшін жауапкершіліктің

дәрежесінде ғана, сондықтан бір құқық бұзушылық үшін бір мезгілде қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартуға болмайды.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері.
Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік. Қазақстан Республикасында экологиялық қолайсыздық салдарынан халықтың денсаулығы нашарлай түскені ресми деңгейде көптен бері айтылып жүр. Табиғатқа келтіріліп жатқан зиянның көлемі бүгінгі күні баршаға мәлім: теңіздер, өзендер мен көлдер ластанып, жыртылмалы жерлер жарамсыз болып қалып жатыр, миллиондаған адамдар уланған ауа жұтуға мәжбүр болып, халық арасындағы өлім саны да көбейді.

Жыл сайын экологиялық қылмыстар мен басқа құқық бұзушылықтар ұлғайып, көбеюде. Олардың қоғамдық қауіптілік деңгейіне теріс әсері де өсуде, ал кей аумақтарда ол саяси дестабилизациядан көрініс табады. Экологиялық қылмыстар тек мемлекет экономикасына ғана емес, сонымен қатар адамзат тіршілігінің биологиялық негіздерін жоюда. Қазіргі таңда экологиялық тәртіп пен азаматтардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайлары, сондай-ақ экологиялық қылмыстар санының өсуі өзекті мәселелердің қатарына енгізіліп келеді.

Қылмыстық жауапкершілікке – жасалған қылмысқа соттан басқа неғұрлым жеңіл жазалау іс-шараларын қолдану жеткіліксіз, нәтижесіз, ал табиғат қорғау заңнамасын бұзушыларды түзету және қайта тәрбиелеу неғұрлым қатаң қылмыстық санкцияларды болжаған жағдайда ғана сотқа тартылады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар дегеніміз – қоршаған ортаға, оның ресурстарына, халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қоғамға қауіпті, қылмыстық, заңға қайшы іс-әрекеттер.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар деп – Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген экологиялық тәртіпке, қоғамның экологиялық қауіпсіздігіне және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірумен қол сұғушылықтан көрініс табатын залал келтіруді айтамыз.

Шартты түрде экологиялық қылмыстардың құрамын бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Қоршаған ортаны қорғауға қарсы – жалпы сипаттағы қылмыстар. Бұл – шаруашылық және өзге қызметтерге қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы; жұмыс өндірісі кезінде қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзу; экологиялық қауіпті заттармен және қалдықтармен жұмыс істеу ережелерін бұзу; микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережесін бұзу; ветеринарлық ережелерді бұзу және өсімдіктердің ауруларымен және зиянкестерімен күрес кезінде белгіленген ережелерді, экологиялық ластану зардаптарын жою бойынша іс-шараларды қолданбау.

2. Жер мен жер қойнауын рационалды пайдалану мен сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық. Бұл – жерді бүлдіру, жер қойнауын пайдалану мен қорғау ережелерін бұзу.

3. Су қатынастарын қорғау. Бұл – суларды ластау, былғау және жұтандандыру, теңіз ортасының ластануы, Қазақстан Республикасының континенталды шельфі туралы және Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағы туралы заңнаманы бұзу.

4. Өсімдіктер дүниесін қорғау (флораны). Бұл – ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, ормандарды жою немесе зақымдау, өсімдіктер ауруларымен және зиянкестерімен күрес үшін белгіленген тәртіпті бұзу, су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз түрде алу.

5. Жануарлар дүниесі мен атмосфералық ауа саласындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық. Бұл су жануарларын аулау, балық қорын қорғау ережесін бұзу, заңсыз аңшылық, ветеринарлық ережелерді бұзу, атмосфераны ластау.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 13-тарауында көрсетілген қоғамға қауіпті әрекеттен басқа да қоршаған ортаны қорғау саласындағы қылмыстар бар. Олар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 4-тарауында адамзат қауіпсіздігі мен бейбітшілікке қарсы қылмыстар, 169-бап бойынша Қазақстан Республикасына жаңа ұғым экоцид, ол бойынша өсімдіктер мен жануарлар дүниесін жаппай қыру, атмосфераны, жер және су ресурстарын уландыру, сонымен қатар экологиялық катастрофалық жағдайды тудыруы мүмкін әрекеттер үшін 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылатындығы көрсетілген.

6-тарауда мүлікке қарсы қылмыстарға, 201-бап жерге заттық құқықтардың бұзылуына жауапкершілік көзделеді.

9-тарауда қоғамдық қауіпсіздік мен қоғамдық тәртіпке қарсы 276-бап – атом энергетикалық объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін және 277-бап – тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу.

Кейбір құрамдар өз табиғатында экологиялық болмаса да, нақты жағдайларда қоршаған ортаны қорғау мақсатында қолданылуы мүмкін.

Экологиялық қылмыстың негізгі объектісі болып – адам, халық, мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігі танылады.

Экологиялық қылмыстардың заты болып – нақты табиғи ресурстар: жер, ауа, су, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, орман-тоғай, мал және тағы басқалар табылады. Экологиялық қылмыстардың топтық объектісі – қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, тірі организмдерге қолайлы табиғи жағдайларды сақтау және адамдардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады. Қылмыстың тікелей объектісі – экологиялық қатынастарды реттейтін нақты қоғамдық қатынастар. Ал экологиялық қауіпсіздік дегеніміз – бұл тұлғаның, халықтың, мемлекеттің және халықаралық қауымдастықтың құқыққа қайшы, кінәлі антропогенді қызметінің нәтижесінде ластанған табиғи объектілер тарапынан төнген қауіптен қоғам мен табиғаттың өмірлік маңызы бар мүдделерінің қорғалу жағдайы. Экологиялық қылмыстардың пәні болып қоршаған ортаның түрлі элементтері (экологиялық жүйелер мен табиғи ресурстар) танылады. Экологиялық қылмыстың нысаны – қоршаған ортаның әртүрлі элементтері (табиғи кешендер, яғни экологиялық жүйелер, табиғи ресурстар).

Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жаза түрі болып төмендегілер қарастырылады:

- Айыппұл (максималды түрде 1000 есеп көрсеткіш);
- Белгілі бір лауазымды орында болу құқығынан айыру;
- Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- Түзету жұмыстары;
- Бостандықты шектеу;
- Бостандығынан айыру (максималды мерзімі 8 жылға дейін, тек 161-бап бойынша 15 жылға дейін);

Қылмыстық жауапкершілік тек сотпен жасалған қылмысы үшін тағайындалады және қылмыстық жауапкершілікке жасалған қылмыстар негіз болып табылады, яғни Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер.

Экологиялық қылмысқа Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген экологиялық құқық тәртібін, қоғамның экологиялық қауіпсіздігіне және қоршаған табиғи орта мен адам денсаулығына елеулі залал келтіретін қол сұғушылықпен көрінетін зиянкестікті түсінеміз.

Экологиялық қылмыстарды топтастыруға байланысты С.Т.Культелеев: «жалпы сипаттағы – қоршаған ортаны қорғауға қарсы қылмыстар, жер және жер қойнауы саласындағы қылмыстар, суларды қорғау саласындағы қылмыстар, өсімдіктер әлеміндегі қылмыстар, жануарлар және атмосфералық ауаны қорғау саласындағы қылмыстар» деп топтастырады.

Экологиялық қылмыстарды саралау барысында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзуға байланысты экологиялық қылмыстарға тоқталсақ. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзғаны үшін заңдық жауаптылықтың басқа түрлерінен айырмашылығы, жаңа қылмыстық заң мұндай жауаптылықты тікелей қарастырады. Мұндай нормалар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 342-бабы Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу бойынша:

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың режимі бұзылып, елеулі зиян келтіруге әкеп соқса – жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.
- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілерін қасақана зақымдау немесе жою елеулі зиян келтіруге әкеп соқтырса – үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы қылмыстың тікелей объектісі – ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан табиғи объектілерді жинау мен қорғауға байланысты қоғамдық қатынастар.

Заты – мемлекетпен қорғауға алынған табиғи кешендер. Табиғи кешендерге қорықтар, заказниктер, ұлттық табиғи парктер және өзге де осындай аумақтар жатады.

Бұл қылмыстың объективтік жағы елеулі зиян келтіруге әкеп соқтырған осы аумақтардың режимін бұзуда көрінеді. Режимді бұзу мен заң шығарушы ең кең қоғамдық-қауіпті әрекеттер спектрі: жою, зақым келтіру, ластау, кесу, суға бастыру және т.б. айтады.

Субъективтік жағы – кінәнің қасақаналық түрінде (тікелей және жанама) көрінеді.

Субъектілері – лауазымды тұлғалар және ақыл-есі дұрыс 16 жасқа толған азаматтар.

Жалпы, қорытындылай келе, экологиялық қылмыстар – қылмыстық құқықта қоршаған ортаға нұқсан келтіретін қылмыс түрі. Экологиялық қылмыстарға шаруашылық қызмет пен өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы, экологиялық тұрғыдан қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде, микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде сақталуға тиіс қауіпсіздік ережелерінің, ветеринарлық ережелердің, өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы, суды ластау, бітеу, сарқу, теңіз аясын ластау, Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңы және айрықша экономикалық аймағы туралы заңдардың бұзылуы, жануарлар дүниесін қорғау ережелерін бұзу, су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу, заңсыз аңшылық, жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен заңсыз әрекет жасау, ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, ормандарды жою немесе зақымдау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуы, экологиялық ластау зардаптарын жою шараларын қолданбау, т.б. жатады.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік. Әкімшілік құқық бұзушылық – бұл азаматтардың, лауазымды тұлғалардың әкімшілік құқық бұзғаны үшін заң алдындағы жауаптылығының түрі.

Әкімшілік жауапкершілікке мынадай белгілер тән:

- 1) құқықтық тәртіпті бұздан қорғау құралы болып табылады;
- 2) әкімшілік жауапкершілікті заңдар, заң күшіндегі актілер немесе олардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы нормалары белгілейді;
- 3) әкімшілік жауапкершіліктің негізі – әкімшілік құқық бұзушылық;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қарастырылған;
- 5) әкімшілік жазаны мемлекеттік басқару органдары және олардың лауазымды тұлғалары өздеріне бағынышты емес құқық бұзушыларға қолданады;
- 6) әкімшілік жазаны қолданғанда бас бостандығынан айырылмайды және жұмыстан шығару негізі болып табылмайды;
- 7) әкімшілік жауапкершілік шараларын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша реттейтін заңға сәйкес қолданады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері:

- 1) қоғамға қауіптілігі;
- 2) құқыққа қайшылық;
- 3) кінәлілік;
- 4) жазаланушылық;
- 5) жаппай көпшілікте өріс алуы.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы – бұл әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаны жауапкершілікке тарту үшін жеткілікті және қажетті заңмен белгіленген белгілердің жиынтығы. Егер осы заңды құрамның барлық белгілері болғанда ғана әрекет құқық бұзушылық деп танылады. Ол мынадай 4 элементтен тұрады:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық субъектісі;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық объектісі;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықтың объективті жағы;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жағы.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі – әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, 16 жасқа толған және ақыл-есі дұрыс тұлға.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі құқық нормаларымен реттелетін және әкімшілік жауапкершілік шараларымен қорғалатын қоғамдық қатынастар.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективті жағы – бұл әкімшілік құқық бұзушылықтың сыртқы жағын білдіретін белгілердің жиынтығы. Оған мыналар жатады:

- 1) құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік;
- 2) құқық бұзушылықтың сипаты (әлденеше рет жасау, қайталану);
- 3) құқық бұзушылық уақыты (күндіз, түнде);
- 4) оның тигізген зиянды салдарлары (зиянның мөлшері кейде әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық шараларын қолдануды анықтайды);
- 5) құқық бұзушылық істеген кезде пайдаланылған құралдар (көлік құралы, ішімдік заттары, есірткі заттары, қару-жарақ).

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жағы құқық бұзушының істеген құқыққа қайшы әрекетіне немесе әрекетсіздігіне және оның салдарларына ішкі, психикалық қатысы. Құқық бұзушылықтың субъективті жағының міндетті белгісі – кінә. Оның екі нысаны бар: қасақана және абайсызда. Факультативті белгілері : мақсат және себеп.

Қасақана – бұл тұлғаның өзінің іс-әрекетінің құқыққа қайшылығын сезсе, оның зиянды салдарларын алдын ала білсе, ол салдарлардың туындауын қаласа, әкімшілік құқық бұзушылық әдейі жасалған деп танылады. Оның екі нысаны бар; тура және жанама;

Абайсызда – әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға өзінің іс-әрекетінің зиянды салдарларының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ оның алдын алуға болатындығын ұшқары ойласа немесе тиісті назар аударғанда оның алдын алуға болатындығын, сондай салдарлардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалған деп саналады. Оның екі түрі бар: немқұрайлылық пен менмендік.

Сонымен, әкімшілік жауаптылық дегеніміз, бұл – әкімшілік-құқықтық санкцияларды жүзеге асыру, уәкілетті органның немесе лауазымды адамның құқық бұзған азаматтар мен заңды тұлғаларға әкімшілік жазалар қолдануы.

Әкімшілік экологиялық құқық бұзушылық – мемлекетте белгіленген экологиялық құқық тәртібіне, халықтың денсаулығы мен экологиялық қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға залал келтіру немесе осындай залал келтіруге нақты қауіп төндіретін және бұл үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген заңға қайшы қол сұғушылық, кінәлі іс-әрекет немесе әрекетсіздік.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылу – мемлекеттің күзретті органдарының жасалған экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік өндіру шараларымен айқындалады. Мұндай органдарға сот және қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнаулы уәкілеттенген органдар (олардың лауазымды тұлғалары) жатады.

Әкімшілік жауапкершілікке әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған сәтте 16 жасқа жеткен тұлғалар тартылады. Жеке тұлғаға әкімшілік өндіру шараларын қолдану заңды тұлғаны жасалған құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершіліктен босатпайды, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық үшін заңды тұлғаның әкімшілік жауапкершілікке тартылуы осы құқық бұзушылыққа кінәлі жеке тұлғаны әкімшілік жауапкершіліктен босатпайды (ӘҚҚо 28-бабы).

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 21-тарауы «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» деп аталады. Бұл тарауға сәйкес құқық бұзушылықтың құрамын бірнеше топқа біріктіруге болады:

1. Экологиялық талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
2. Экологиялық нормалар мен ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
3. Қоршаған ортаны ластағаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
4. Қорғау және пайдалану ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
5. Табиғат объектісін заңсыз жойғаны, зақымдағаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
6. Есеп ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
7. Экологиялық ақпаратты бұрмалауды жасырғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі тіршілік ететін табиғи ортаны қорғау ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
9. Табиғат объектілерін пайдалану және беру тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
10. Қалдықтарды және басқа материалдарды көму, өртеу, орналастыру, сақтау. Пайдалану, тасымалдау кезінде экологиялық ережелердің қойылатын талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
11. Құрылыс, пайдалану тәртібін бұзғанда және қондырғылар мен құрылыстардың бұзылуы қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізгенде немесе зиян келтіруі мүмкін жағдайдағы әкімшілік жауапкершілік.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін келесі әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

- ескерту жасау;
- әкімшілік айыппұл салу;
- әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;
- арнаулы құқықтан айыру (мысал үшін, аң аулау құқығынан);
- әкімшілік қамауға алу;

- Шетелдік азаматты немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі сондай-ақ лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестациясынан (қуәлігінен) айыруды немесе ол қызметтің белгілі бір түріне не болмаса белгілі бір іс-әрекеттер жасауға әрекетін тоқтата тұруды; жеке кәсіпкердің қызметіне тыйым салуды немесе тоқтата тұруды; өз бетінше салған немесе салынып жатқан құрылыстарды мәжбүрлеп бұзуды, сондай-ақ заңды тұлғаның қызметіне тыйым салуды немесе тоқтата тұруды көздейді.

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған құқық бұзушылыққа, егер олар Қазақстан Республикасының әкімшілік юрисдикциясының берген иммунитетін пайдаланбайтын болса, онда жалпы негізде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар әкімшілік жауапкершілікті көтереді.

Әкімшілік жауаптылық егер құқық бұзушылықтар өзінің сипаты, қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық қудалауды талап етпейтін болса, жер заңын бұзғаны және зиян келтіргені үшін қолданылады.

Қылмыстар мен әкімшілік әрекеттердің құрамын шектеу объективті және субъективті белгілері бойынша анықталатын құқыққа қарсы әрекеттің қоғамдық қауіптілігін негізге ала отырып жүргізеді: залалдың (зиянның) бар болуы; іс-әрекеттің бірнеше реттілігі, қайталануы; айыптың формасы.

Әкімшілік мәжбүрлеу институты кешенді әкімшілік-құқықтық институт болып табылады, ол мемлекеттің спецификалық саладағы – атқарушы биліктің құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша құқық қолдануды және құқық қорғау қызметін реттеу үшін түрлі сипаттағы нормативтік белгілеулерді қолдап қуаттайды.

Әкімшілік мәжбүр етудің барлық шарасы төрт топқа бөлінеді: жазалау шаралары, бұлтартпау шаралары, әкімшілік алдын ала ескерту шаралары және әкімшілік мәжбүр етудің құқықты қалпына келтіру шаралары. Жауаптылықтың негізі – бұл мемлекеттің бір жағынан, оның шараларын белгілеу мен қолдануға объективті құқығының (міндеттемелерінің) негізделуімен, екінші жағынан, құқық бұзушылыққа айыптылардың субъективті (сонымен бір мезгілде объективті) міндеттерінің негізделуімен және өзінің құқыққа қарсы іс-әрекеттеріне жауап беруімен ажырағысыз байланысты. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 2-бабына сәйкес, әкімшілік жауаптылықтың негізі осы кодекстің ерекше бөлімінде көзделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгісі бар әрекетті жасау болып табылады.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін барынша көп тараған әкімшілік жазаның түрі айыппұл салу болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, экологиялық құқық бұзушылық үшін салынатын айыппұлдың көлемі жеке тұлғаларға 50 айлық есеп көрсеткішінен аспайды, ал лауазымды тұлғаға – 100 айлық есеп көрсеткіші көзделген.

Айыппұлдың нақты мөлшерін, құқық бұзушылықтың түріне және сипатына, құқық бұзушының кінәсына және келтірілген зиянға байланысты салық салушы орган айқындайды.

Әкімшілік жаза түрлерінің бірі ретінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, әкімшілік қамауға алу, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе оның тікелей объектісі болған заттарды өтемін төлеп қою, не осы заттарды тәркілеу, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау арқылы алынған табыстарды (дивиденттерді), ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу, нақты тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру (соның ішінде көлік құралдарын басқару құқығынан айыру), қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір әрекеттер жасауға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (қуәлігінен) айыру, өз бетінше тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты еріксіз бұзу, жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді судья қарайды (ӘҚҚо).

Әкімшілік теріс қылықтың қылмыстан айырмашылықтарының критерийлері болып, ауыр нәтиженің, зардап көлемінің, жасалып жатқан құқық бұзушылықтың қайталануының болуы немесе болмауы табылады.

Қылмыс – қоғамға қауіпті әрекет, ал әкімшілік теріс қылық – қоғамға зиянды әрекет. Экологиялық әкімшілік құқық бұзушылық – бұл құқыққа қарсы, кінәлі, заңда көрсетілген, белгіленген экологиялық құқықтың тәртіпті бұзатын іс-әрекет.

Әкімшілік-құқықтық жауапкершілік тәртіптік жауапкершілікке қарағанда ведомстволық сипатта болады, өйткені ол кәсіпорынның әкімшілігімен емес, арнайы уәкілдігі бар органдармен қолданылады.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі және түрлері. Қоғамның қазіргі заманғы кезеңіндегі жауапкершіліктің маңыздыларының бірі – азаматтық-құқықтық жауапкершілік болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мақсаты – құқық бұзушының есебінен немесе басқаның құқық бұзушылығына жауапты тұлғаның есебінен бұзылған мүліктің жағдайын қалпына келтіру болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік – бұл азаматтық құқық пен міндеттемелерді бұзушыларға құқық бұзушылық болғанға дейінгі жай-күйді қайта қалпына келтіруді мақсат ететін, қолданылатын мүліктік сипаттағы іс-шаралардың жүйесі. Азаматтық-құқық бұзушылық іс-шаралар жүйесіне шығындардың орнын толтырудың екі түрі кіреді (моральдық зиянның орнын толтыру) және санкциялар.

Қолданылатын осы екі түрдің негіздеу белгілері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті шартты, яғни зиян келтіргені үшін және деликті (негізделмеген байыту) деп қарастыруға болады.

Такса ұғымы тауардың бұрын белгіленген бағасы немесе бір нәрсенің төлемінің нормасы. Экология саласында таксалық әдіс – шығындарды есептейтін жалғыз ықтимал нұсқа. Бұл жерде такса заңсыз алынған өнімнің сол немесе басқа да бір түрінің әрбір данасы үшін өтем мөлшерін нақты айқындап береді. Бұл сомаға заңсыз алынған немесе табиғи объектіні жоюға байланысты: алынбаған өнімнің (ағашты, жүнді, етті және т.б.), табиғи объектіні жақсарту үшін салынған салымдардың жұмсалмаған шығындары, объектінің бұрынғы жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалатын шығындардан туындаған кері салдардың бәрінің құны кіреді.

ҚР Үкіметінің 04.09.2001 жылғы Қаулысымен жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану және молықтыру туралы заңнаманы бұзғаны, келтірілген залалдың орнын толтырудың, әр түрі үшін такса бойынша есептелетін (бір килограмм үшін) мөлшері айлық есеп көрсеткішімен белгіленді.

Таксалар – бұл мүліктік-құқықтық санкциялар, оның негізгі қызметі – табиғи ресурстарды құқыққа қайшы пайдаланумен келтірілген зиянды өтеуде. Такса көлемі келтірілген зиянға байланысты. Такса алдын ала есептеліп және ақшалай сома түрінде қабылданған шығын көлемі. Такса құрамына мынадай құрамалар кіреді: табиғи объектілерді қайта жаңғыртуға кеткен шығындар.

Таксалық жауаптылық белгіленген сотқа дейінгі әрекеттерді жасауды жалғастырады: құқық бұзушылар хаттама немесе типтік актілер толтыру, зиянды өтеу туралы талап қою, ал ол ерікті орындаудан бас тартқан кезде мемлекеттік органдармен мәжбүрлі түрде қамтамасыз етіледі. Зиянды өтеу талабына қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы органдар ғана қоюға құқығы бар. Шығынның сомасы мемлекет пайдасына алынады.

Таксалық жауаптылық табиғат объектілеріне зақым келген немесе олар жойылған жағдайда туындайды. Мұндай тез арада жойылатындарға тірі табиғат объектілері, өсімдіктер және жануарлар дүниесі жатады.

Таксалар жер үстіндегі сүтқоректілерге, құстарға, бауырымен жорғалаушы қосмекенділерге, жәндіктерге, өрмекші тәрізділерге, балықтарға, теңіз сүт қоректілері мен су омыртқасыздарына анықталған. Мысалы, ілбісті жойғаны үшін залалды өтеу – 2000 айлық есеп көрсеткіші, сұңқарға – 700 айлық есеп көрсеткіші, бекіре, шоқыр, бекіре гибридтері, уылдырықтыларға «бір килограммы үшін) – 5 есеп көрсеткіші және т.т. Таксалық жауапкершілік орман заңнамасын бұзғаны үшін де белгіленген. ҚР Үкіметі 31 мамыр 2007 жылы Қазақстан Республикасының Орман заңнамасын бұзу арқылы келтірілген залал мөлшерін есептеу базалық ставкаларын белгіледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы заңсыз кесуге базалық ставкалар екі есе ұлғайтылады.

Жалпы, азаматтық-құқықтық жауаптылық бірінші кезеңде зиянды заттай өтеу және болмаған жағдайда ақшалай өтеуді қарастырады.

Мұндай жауаптылық түрі – құқық бұзушыға қоршаған ортаға және де нақты табиғат пайдаланушыға келтірген залалды өтеу міндеттілігінде көрінеді. Азаматтық заңдарға сәйкес жеке тұлғаға немесе ұйымның мүлкіне келтірілген зиянды залал келтірген тұлғалар толық көлемде өтейді. Кәсіпорын еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмыскерлердің кінәсімен келтірілген зиянды өтеуге міндетті. Жауапты тұлға зиянды заттай өтейді немесе шығындарды толығымен өтеу арқылы орнын толтыруы керек.

Азаматтық-құқықтық жауаптылық бірінші кезеңде зиянды заттай өтеу және болмаған жағдайда ақшалай өтеуді қарастырады.

Мұндай жауаптылық түрі – бұзушыға қоршаған ортаға және де нақты табиғат пайдаланушыға келтірген залалды өтеу міндеттілігінде көрінеді. Азаматтық заңдарға сәйкес жеке тұлғаға немесе

ұйымның мүлкіне келтірілген зиян залал келтірген тұлғалармен толық көлемде өтелуге жатады. Кәсіпорын еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмыскерлердің кінәсімен келтірілген зиянды өтеуге міндетті. Зиянды жауапты тұлға оны заттай өтеуге немесе шығындарды толығымен өтеу арқылы орнын толтыруы керек.

Қоршаған ортаға жоғары дәрежелі қауіп төндіруге байланысты жұмыс жүргізетін кәсіпорын, мекеме, ұйымдар зиян келтіргенде, залал толық көлемде алынады.

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың тікелей мақсаты – азаматтық құқықтық экологиялық құқық бұзушылықтардан толық немесе бір бөлігінде ескерту және осындай бұзушылықтардан келетін зиянды өтеу.

Өтемақы көлемін анықтауда, оған:

- инфляцияны есепке ала отырып меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын сатып алу сомасы;
- учаскеде орналасқан жеміс ағаштарын және көпжылдық егістіктерді қоса алғандағы қозғалмайтын мүліктің нарықтық бағасы;
- жер учаскесін игерумен, қорғау жұмыстарын жүргізумен, топырақ, құнарлылығын көтерумен және өзге де шығындармен байланысты шығындардың инфляцияны есепке алғандығы құнды;
- жер учаскесін алуға байланысты меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген барлық шығындар, үшінші жақтар алдындағы міндеттемелерді уақытынан бұрын тоқтатуға байланысты шығындарды қоса алғанда;
- алынбай қалған пайда.

Өтеуге жататын шығын көлемін анықтау үшін маңызды болатын: осы жылдың егініне қарсы жер учаскелерінде құқық бұзушылықпен байланысты қандай гидротехникалық жұмыстар жүргізілуі, қашан бұзушылық жасалды. Аяқталмаған өндіріс немесе егін құнын немесе бір мезгілде алдағы жылдардағы егінге өндірілген егін құнын пайдаланылған шығындарды өтеп алу соған байланысты.

Келтірілген шығындарға өтемақы көлемін анықтау үшін таксаның жеті түрі белгіленген. Ол таксалар орман шаруашылығына келтірілген шығындарды өтеу көлемін есептеу үшін:

- 1) ағаштарды, екінші дәрежелі орман материалдарын дайындау;
- 2) ағаш дайындауға байланысты емес егістіктерге зақым келтіру;
- 3) орман питомниктерін, плантацияларын, бақтарын жою немесе зақым келтіру;
- 4) барлық санаттағы орман қорларының жерлерін заңсыз пайдалану және зақым келтіру;
- 5) кішігірім архитектуралық формалар, коммуникациялар объектілерін жою және зақым келтіру немесе ормандарды ластау;
- 6) орман фаунасының өмір сүретін ортасына зақым келтіру;
- 7) Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктерді заңсыз алу.

Өрт қою немесе отты салақ пайдалану нәтижесінде орманды жою немесе зақым келтіруде залал сомасына отты сөндіруге кеткен шығындар қосылады, оған орай плантацияларды, ағаштарды және т.б. өрт қою арқылы жою немесе зақым келтіру кезінде такса үш есе көбейтіледі.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік. Экология заңдарын бұзғаны үшін жауапкершіліктің келесі түрі – тәртіптік жауапкершілік, экологиялық құқықтық тәртіпті бұзатын абайсызда жасалатын, тәртіптік жауапкершілік көзделетін әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде пайда болады.

Тәртіптік жауапкершілік – қызмет бабы қатынастары саласында қолданылады. Тәртіптік жауаптылық – еңбек заңдары белгілеген жаза, ол тәртіптік құқық бұзушылық жасағаны үшін салынады. Тәртіптік жауаптылыққа тартудың тікелей негізі – экологиялық және табиғи ресурстық заң нормаларын бұзу нәтижесі болған, лауазымды тұлғаның өзінің еңбек міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы. Еңбек заңдарына сәйкес, тәртіптік жауапкершілікке бағыну тәртібі бойынша тартылады, яғни оны бастық егер де тікелей бұзақылық үстінде ұстайтын болса, өзінің жұмысшысына жүктейді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 64-бабына сәйкес, кінәлі адамдарға тәртіптік жауаптылықтың келесі түрлері қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) Кодексте белгіленген жағдайларда еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу түріндегі тәртіптік жаза қолданылады.

Заңмен және заңды тұлғалардың тәртіп жөніндегі жарғыларымен тәртіптік жауаптылықтың басқа да түрлері көзделуі мүмкін. Сонымен қатар құқық бұзушыларға белгіленген тәртіпте шағымдануға құқық берілген. Экологиялық пайдалану саласында тәртіптік жауапкершілік, жұмыскердің өзінің еңбек міндеттемелерін орындау барысында жасаған экологиялық талаптарды бұзғаны үшін туады (егер бұл талаптарды орындау оның еңбек шартымен немесе әкімшіліктің уақытша тапсыруы бойынша жүктелген болса).

Тәртіптік жауаптылықтың объектісі екіжақты еңбек тәртібінің ережелері және қоршаған орта.

Экологиялық тәртіптерді бұзған адам тәртіптік жауаптылыққа, оның әрекеттерінің нәтижесінсіз-ақ тартылады.

Тәртіптік теріс қылық көрсеткен, экологиялық құқық бұзушылықты жасаған жұмыскер, қызметкер немесе лауазымды адам тәртіптік жауаптылықтың субъектісі болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы органдардың, жерді, суларды, жер қойнауын, ормандарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инстанциялар жұмыскерлерінің тәртіптік жауаптылығы арнайы заңдармен реттеледі.

Тәртіптік жауапкершіліктің басқа жауапкершіліктерден ерекшелігі төмендегідей:

- Тәртіптік жауапкершілік тек жеке тұлғаларға қатысты қолданылады;
- Тәртіптік жауапкершілік өзге заңды жауапкершілік түрлерімен қатар қолданылады;
- Тәртіптік жауапкершілік жұмыскердің жұмыс уақыты кезінде жасалған теріс қылығы үшін қолданылады. Яғни, жұмыскердің жұмыстан тыс уақытта немесе демалыс уақытында жасаған теріс қылықтары үшін өзге жауапкершілік түрлері қолданылады;
- Субъектісі тек қана жұмыс істеп жүрген жұмысшы;
- Тәртіптік жауапкершілікте жұмыс істеп жүрген уақытында жауапкершілік заңдарын бұзғаны үшін қолданылады;
- Тәртіптік жауапкершілік ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан шығару сияқты жазалау шараларын қолданумен ерекшеленеді;
- Тәртіптік жауапкершілікке тарту – Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексімен және белгілі бір ұйымның жарғысына сәйкес жасалған ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік

Жауапкершілік түрі	Жаза	Негіздеме	Жауаптылар
Әкімшілік	Ескерту, айыппұл, затты тәркілеу (құқық бұзған қару); жұмыс істеу құқығынан айыру; әкімшілік қамауға алу.	ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі	Заңды және жеке тұлғалар
Азаматтық-құқықтық	Шығынды, зиянды өтеу, келтірген зиянды түзеу	ҚР Азаматтық-құқықтық заңы	Заңды және жеке тұлғалар
Дисциплинарлық	Ескерту, сөгіс беру, қатаң сөгіс, сыйақыдан айыру, жұмыстан босату	Еңбек заңы	Қызметтегі тұлғалар
Қылмыстық	Қылмыстық жазалау, қамауға алу және т.б.	ҚР Қылмыстық заңы	Заңды және жеке тұлғалар

Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері. Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі. Соңғы жылдар ішінде табиғат ресурстарын пайдаланудың артуына байланысты адамзаттың табиғатқа тигізетін әсері өте күшейді. Адамзат өндірістік қызмет процесіне барған сайын табиғатты елеулі өзгерістерге ұшыратушы, табиғаттағы геологиялық жүйенің зат алмасуының тепе-теңдік құрылымын бұзушы қуатты фактор ретінде көрінеді.

Қазіргі кездегі қоғамның дамуы айналадағы қоршаған ортаны пайдаланумен тікелей байланысты, яғни адамзат тіршілігіне қажетінің барлығын табиғаттан алады. Бұл жағынан алғанда табиғат – табиғи қажеттілікті қамтамасыз ететін таңғажайып құбылыс. Ғылым мен техниканың жетілуі, өндірістің қарқындап дамуы, жерасты қазба байлықтарын кеңінен пайдалану, транспорт түрлерінің көбеюі қоршаған ортаны түрлі химиялық қосылыстармен ластауда. Мұндай химиялық

қосылыстардың көбінің токсиндік және концерогендік қасиеттері биосфералық тепе-теңдіктің бұзылуына, климаттың өзгеруіне, ауыл шаруашылығы өнімдер өнімділігінің төмендеуіне және халықтың денсаулығының нашарлауына әсерін тигізеді. Токсиндік және концерогендік қосылыстар клетка құрамына еніп, ДНК молекуласына әсер етеді, хромосомаларын бұзып, нәтижесінде ағзалардың тіршілік ету қабілеттігін төмендетеді.

Нәтижесінде, елімізде қазіргі таңда терең және тұрақты теріс өзгерістерімен сипатталатын қолайсыз экологиялық жағдай туып отыр. Ресурстарды өндіру және пайдалану барысында қоршаған ортаға жүктелген ауыртпашылықтар ұлғая түсті. Оның себебін көптеген факторлардан іздеуге болады, табиғи ресурстарды ретсіз, тиімсіз пайдалану және өзге де жағдайлар.

Қазақстан территориясының өте үлкен бөлігі әртүрлі факторлардың әсерінен кешенді ластанған. Мысалы, ауаның, судың, жердің әртүрлі өндірістік зиянды қалдықтармен, улы газдармен және тағы басқа да факторлармен ластануы. Оған полигондарды, сынақ алаңдарын, «Байқоңыр» ғарыш кешенін, ірі тау-кен өндірістерін, Балқаш, Арал, Каспий суларындағы экологиялық апаттарды, мыңдаған өндірістік кәсіпорын, зауыттар мен фабрикаларды қосатын болсақ, Қазақстан территориясының апат алаңы екенін байқауға болады. Сәйкесінше, қазіргі таңда елдегі экологиялық жағдаяттың нашарлауы алаңдаушылық туғызады. Экологиялық мәселелер адамзат үшін маңыздылығымен-ақ елеусіз алдыңғы шепке шықты.

Жалпы, қоршаған табиғи орта – адамның өміріне, тіршілік ету жағдайына және денсаулығына әсер ететін табиғи компоненттердің жиынтығы. Қоршаған табиғи ортаның компоненттеріне атмосфералық ауа, сулар, топырақ, жер асты байлықтары, жануарлар және өсімдіктер әлемі жатады. Қоршаған ортаны ластау – адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде, қатты, сұйық және газ тәріздес қалдықтарды табиғи ортаға: атмосфераға, гидросфераға, топыраққа шығару; қоршаған ортада қажет емес физикалық факторлардың: шудың, жылудың, сәуле шығаратын радиацияның, ультрадыбысты толқындардың, тербелістердің пайда болуы нәтижесінде қоршаған ортаның физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруі.

80-жылдардың басында «экологиялық құқық бұзушылық» және «экологиялық зиян» ұғымдарының теориялық маңызына танымал ғалым С.Б. Байсалов ден қойған. Қазақстандық құқықтық әдебиеттерде экологиялық құқық бұзушылықтар үшін заңдық жауапкершілік мәселелері туралы жекелеген зерттеулер орын ала бастады және экологиялық зиянды өтеудің кейбір аспектілері де көрініс тапты.

Экологиялық құқық бұзушылықтардан келген зиян ұғымын қарастырғанда құқық бұзушылық бағытталған объекті ұғымы да қарастырылады, себебі құқық бұзушылық объектісіне құқыққа қарсы әрекет жасау нәтижесінде зиян келтіріледі.

Заң әдебиеттерінде зиянсыз құқық бұзушылықтың болмайтындығы туралы өте орынды айтылған, қол сұғылатын объект қоғамдық қатынастар болып табылатындықтан, барлық құқық бұзушылықтар қандай да бір мөлшерде зиян алып келеді. Кейбір жағдайда экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі деп материалдық және материалдық емес құндылықтар, нақтырақ айтсақ, табиғи объектілер, заңмен ластанудан, жұтандану мен бұзылудан қорғалатын қоршаған орта, сонымен қатар адам денсаулығы мен қоршаған орта сапасына тәуелді материалдық байлықтары танылады.

Заң әдебиеттерінде осы тұрғыда әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Б.Ерофеев «экологиялық құқық бұзушылық объектісін адам мен қоғамның тіршілік ету ортасымен өзара байланысты тиімді өмір сүруі үшін жағдайларды қамтамасыз ету тұрғысынан алғандағы қоғамдық қатынастар» деп қарастырады. Қысқаша айтатын болсақ, қолайлы қоршаған ортаға қатысты қатынастар.

С.Д. Бекишеваның тұжырымы бойынша, қоршаған ортаның сапасы мен жай-күйін қамтамасыз етуге және сақтауға байланысты қоғамдық қатынастар экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі болып табылады. М.М. Бринчук «экологиялық құқық бұзушылық объектісі деп – құқық нормаларымен қорғалатын және реттелетін жалпы алғандағы қоршаған орта мен оның жекелеген компоненттеріне қатысты қоғамдық қатынастар» деп есептейді. Осы экологиялық құқық бұзушылықтың мазмұнына кіретіндер: табиғи ресурстарға меншіктік қатынастар; табиғат пайдалану бойынша қатынастар; қоршаған ортаны зиянды әсерлерден қорғау; адам мен азаматтың заңды мүдделері мен экологиялық құқықтарын қорғау.

Ал, енді қоршаған ортаға келтірілген экологиялық зиян мәселесін қарастырсақ. Экологиялық құқық бұзушылықтың ең маңызды белгісі – табиғи ортаны ластауынан, қоршаған табиғи ортаның жүдеуінен, оның экологиялық байланыстарының бұзылуынан көрініс табатын экологиялық зиян. Экологиялық зиянды өтеудің мүмкіндіктері мен құқықтық тетіктері қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі екені мәлім. Жалпы, экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігі болып құқық

бұзушылықтың салдарынан экологиялық, сондай-ақ экономикалық құндылығы бар объектілерге зиян келтірілетіндігінде.

Экологиялық зиянды екі түрге бөліп қарастыруға болады:

- заңдық – әлеуметтік мағынасында, зиян – экологиялық құқықтық тәртіпке зиян келтірілуі. Экологиялық құқықтық тәртіп – экологиялық құқықтық нормалармен реттелетін және бекітілген қоғамдық қатынастардың тәртіптілік, ұйымдық тәртібі.
- фактілік мағынасында, зиян – қоршаған табиғи ортаның сапалық жағдайының нашарлауы немесе оның сандық көрсеткіштерінің төмендеуі, азаюы.

Осы тұрғыда әлеуметтік-заңдық мағынасындағы зиян егер фактілік зиян болмаған, яғни субъективтік құқықтарының бұзылуы, мүліктік және мүліктік емес құндылықтарының төмендеуі жағдайында туындайды.

Экологиялық зиянның анықтамасын анықтауда көптеген пікірлер қалыптасқан. Осыған орай, қазақстандық ғалым Л.Қ. Еркінбаева экологиялық зиян – қоршаған ортаның ластануының сапасының төмендеуі, табиғи ресурстардың бүлінуі немесе жойылуы, азматтардың шаруашылық немесе өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру барысында табиғи экологиялық байланыстардың бұзылуы деп көрсетеді. Ресейлік ғалым, профессор В.В. Петров экологиялық зиянды екі түрге бөліп қарастырады, яғни экологиялық зиян және экономикалық зиян. Сонымен, экологиялық зиян дегеніміз – бұл антропогендік іс-әрекеттердің зардабынан болған қоршаған ортадағы жағымсыз өзгерістер.

Д.Л. Байдельдинов табиғатқа келтірілген зиянды екі топқа бөлуді, экономикалық зиян және экологиялық зиян деп қарастыруды ұсынады. Сәйкесінше, «Табиғатқа келтірілген зиянды экономикалық және экологиялық зиян деп жіктеу классификациясы бар. Экономикалық зиян табиғат пайдаланушылардың мүліктік мүдделерін қамтиды және материалдық саптауға жатады. Мұндай зиянды қалпына келтіру азаматтық-құқықтық жауапкершілік ережелеріне сай жүргізіледі. Ал, экологиялық зиян табиғаттың жағдайын қарастырады. Экологиялық зиянды қалпына келтіру ақшалай төлем жасау жолымен емес, табиғат объектілерін табиғи қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады».

Экономикалық зиян мен экологиялық зиян өзара тығыз байланысты. Экономикалық зиян өтемақы, залалдың орнын толтыру арқылы жүзеге асырылатын болса, экологиялық зиян әр уақытта келтірілген зиянды ақшалай көлемде анықтау немесе бұзылған мүлікті қайта табиғи түрінде қалпына келтіруге келе бермейді. Егер ормандарда өрт орын алса, ол түтін, шаң-тозаң арқылы атмосфералық ауаны ластай отырып экологиялық зиян келтіреді. Экологиялық зиян құқық бұзушылық орын алған жағдайда бірден емес, біршама уақыт өткеннен кейін пайда болуы да мүмкін. Экологиялық зиянның бұл ерекшелігі шығындардың туындауымен, яғни оны анықтау барысында қиындық туғызары анық. Осыған орай мемлекеттік табиғат қорғау органдары қандай жағдай болса да, қандай да бір зиянның келетіні туралы ескертпелер беріп отыруы қажет. Экологиялық зиянның ең қауіптісі болып антропогендік зиян танылады. Яғни өз кезегінде бұл адам денсаулығына келтірілетін зиянның түрі адам дамуының физиологиялық және генетикалық жағдайларының нашарлауына алып келеді. Осы тұрғыда, азаматтық заңнамаларға сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен келтірілген зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс.

Б.Ж. Абдраимов пен Е. Жарылқасынның көзқарастары бойынша «экологиялық зиян дегеніміз – бұл қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамалардың бұзылуы салдарынан қоршаған ортаның сапалық жағдайының нашарлауы, не болмаса негативті экологиялық салдармен байланысты табиғи ортаның сандық көрсеткіштерінің азаюы, сондай-ақ адам өмірі мен денсаулығын қоса алғандағы, заңмен қорғалатын материалдық және материалдық емес құндылықтардың азаюы».

Профессор М.М. Бринчук экологиялық зиян демографиялық саланы да қамтиды, яғни өмір сүру ұзақтығының қысқаруымен, дүниеге нәресте әкелу деңгейінің төмендеуімен байланыстырады.

Осылайша, экологиялық зиян деп – қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамаларды бұзу немесе негативті экологиялық салдарға ұшырататын сандық көрсеткіштердің төмендеуі, сондай-ақ заңмен қорғалатын адам өмірі мен денсаулығын қоса алғандағы материалдық және материалдық емес құндылықтардың төмендеуіне байланысты қоршаған орта жағдайларының сапалық және сандық көрсеткіштерінің нашарлауын және төмендеуін түсінеміз. Сондай-ақ бұл зиянды толық түрде өтеуге мүмкіндік жоқ, себебі келтірілген зиянды нақты бағалау мүмкін емес. Экологиялық зиянды өтеудің екі әдісі бар: тікелей және жанама түрі. Залалды экономикалық бағалаудың тура әдісі неғұрлым тиімді инженерлік, ұйымдық-техникалық және технологиялық іс-шаралар арқылы қоршаған ортаны қалпына келтіруге, жұтандаған табиғи ресурстардың орынын толтыруға, тірі организмдерді

сауықтыруға қажетті нақты шығындарды анықтаудан тұрады. Залалды тура әдіспен экономикалық бағалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары тәуелсіз сарапшыларды тарта алады. Сарапшылар ретінде экологиялық аудиторлар, жобалау, инженерлік және ғылыми ұйымдардың мамандары қатыса алады. Тәуелсіз сарапшылар жұмысына ақы төлеу жөніндегі міндет қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаға жүктеледі.

Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі залалды экономикалық бағалаудың тура әдісін қолдану мүмкін болмайтын жағдайларда қолданылады. Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі қоршаған ортаға әсер ету түрлеріне қарай залалды әрбір ингредиент бойынша жинақтау жолымен айқындалады.

Экологиялық қылмыстармен келтірілген шығынның орнын толтыру сомасы мемлекет кірісіне, ал зиян тікелей жеке не заңды тұлғаға келтірілген жағдайда – олардың пайдасына өндірілетінін соттардың назарда ұстауы қажет.

Заңсыз олжаланған өнімдер, мысалы, аңдар, құстар, балықтар, ағаштар, бағалы аң терілері және жануарлар дүниесінің басқа да өнімдері алынуға жатады. Алып қою мүмкін болмаған жағдайда (кұқық бұзушы пайдаланып қойған немесе сатып жіберген, жарамсыз болып қалған және т.б.) оның құны жануарлар дүниесін пайдалану үшін төлем ставкалары бойынша жауапкерден өндірілуі тиіс. Экологиялық қылмыс жасау нәтижесінде олжаланған өнімді сатудан түскен сома шығынды өтеу есебіне жатқызылмайды, ол қылмыстық жолмен олжаланған мүлік ретінде құқық бұзушыдан өндіріледі не мемлекет кірісіне алынады.

Заңсыз жолмен дайындалған сүректер немесе орман пайдалану өнімдерінің басқа да түрлері (шайыр, сүрек шырындары, екінші дәрежелі сүрек ресурстары) алуға және мемлекеттік мекеменің не тергеу орны немесе соттың істі қарау орны бойынша әрекет ететін заңды тұлғаның мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғат аумағы мекемесінің балансына берілуге жатады.

Экологиялық зиянның негізгі нысандарына табиғи ресурстарды ластау, жою, табиғи экологиялық жүйенің бұзылуы жатады.

Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды өтеуге міндетті. Демек:

- 1) табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің;
- 2) табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдаланудың;
- 3) қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде авариялық, келісілмеген жаппай шығарындылар мен төгінділердің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың;
- 4) қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

Сондай-ақ қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты жеке және заңды тұлғалар, егер зиянның еңсерілмейтін күш немесе жәбірленушінің теріс пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, жоғары қауіп көзі келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Экологиялық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген шығындарды өтеу барысында өзіндік әдіс-тәсілдер қолданылады. Олар төмендегідей:

- 1) бұзылған, зиян шеккен мүлікті табиғи түрде қалпына келтіру;
- 2) табиғат пайдаланушыға келтірілген зиянды өтеттіру;
- 3) қоршаған ортаны сауықтыру мақсатында жекелеген табиғи ресурстарды қайта өңдеу, қалпына келтіру.

Қоғамдық пайдалы қызметті жүзеге асыру барысында табиғи ортаға ықпал ету қалыпты экологиялық тәуекел ұғымымен байланысты. Қалыпты экологиялық тәуекел шарттарын сақтамау табиғат пайдаланушы қызметін шектеуге немесе тоқтата тұруға алып келеді. Бұл жағдайда қоршаған табиғи ортаға келтірілген экологиялық зиян шағым беру тәртібімен өтетірілуге жатады, ал өз кезегінде кінәлі жеке немесе лауазымды тұлғалар келтірілген зиянның қауіптілік деңгейі мен көлеміне байланысты қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Жалпы, экологиялық зиян – қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды белгіленген норматив шегінен асыра пайдалану нәтижесінде келеңсіз аурулар, тірі организмдер мен адамдардың өліміне алып келу, табиғи ресурстардың жұтануы, таусылуы білдіреді.

Экологиялық зиян тек қана жекелеген табиғи объектілердің сандық жағдайының нашарлауы ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаның сапалық жағдайының негативті өзгеретіні ретінде де қарастырылады.

Ал, өз кезегінде қоршаған ортаның сапалық жағдайы келесідей белгілердің жиынтығымен анықталады:

1) биологиялық тұрғыдан қоршаған орта сапасының белгісі болып оның адам өмірі мен денсаулығына қолайлы жағдайы танылады. Табиғаттың жекелеген элементтері адамның табиғи физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырудың бірден-бір көзі болып табылады, яғни тыныс алу, шөлін қандыру, қоректену және тағы басқа. Бұл дегеніміз – адамзаттың өндіріс жағдайын сақтаудағы биологиялық аспекті ретінде ең алдымен қоршаған орта тазалық белгісіне сай болуы керек.

2) қоршаған орта жағдайының экономикалық аспектісі адамзаттың материалдық қажеттіліктерін (өндірістердің, ауыл шаруашылығының, энергетикалық, транспорттың және т.б. дамуы) қанағаттандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан да қоршаған ортаның қолайлы жағдайларының экономикалық көрсеткіштері болып ресурс сыйымдылық (сарқылмайтын) және табиғи ресурстардың өндірістік мүмкіншілігі табылады.

3) қоршаған орта жағдайларының әлеуметтік аспектісі адамдардың эстетикалық, рекреациялық, ғылыми, мәдени қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс, себебі адам табиғатпен қарым-қатынасқа түсе отырып физиологиялық, материалдық емес, сонымен бірге рухани қажеттіліктерін де қанағаттандырады. Қоршаған орта жағдайының бұл аспектісі эстетикалық байлықтары мен өзге де белгілеріне сай болуы тиіс.

4) функционалды-құрылымдық аспектісінде қоршаған орта экологиялық тұрақтылық (экологиялық компоненттер балансы), табиғи экологиялық байланыстың сақталуы сияқты белгілерге жауап беруі тиіс.

Осылайша қоршаған орта жағдайларының көрсеткіштері болып мыналар танылады:

- 1) қоршаған ортаның тазалығы;
- 2) ресурс сыйымдылық (сарқылмайтын) және табиғи ресурстардың өндірістік мүмкіншілігі;
- 3) эстетикалық байлық және олардың әртүрлілігі;
- 4) экологиялық тұрақтылық және табиғи экологиялық байланыстың сақталуы.

Бұдан шығатын қорытынды қоршаған ортаға келтірілетін экологиялық зиянның құрылымында мәдени-әлеуметтік немесе экономикалық не болмаса биологиялық аспекті де кездеседі. Экологиялық тепе-теңдіктің жоғалуына алып келетін табиғи экологиялық байланыстың функционалды-құрылымдық бұзылуының туындауы экономикалық және биологиялық аспектілердің көрініс табу деңгейімен байланысты.

Экологиялық зиянның аталған аспектілері толығымен қоғамға немесе жекелеген табиғат пайдаланушыларға міндетті түрде қандай да бір негативті материалдық салдар алып келеді. Осы тұрғыда А.Хаджиевтің пікіріне тоқталсақ, «экологиялық зиян негативті экономикалық салдармен бірге жүреді».

Экологиялық зиян айрықша мына ерекшеліктерді иеленеді:

1) негативті антропогенді әсер кейбір жағдайларда нақты бір табиғат объектісіне ғана шығын келтіріп қоймай, зиян сол объектімен немесе толығымен қоршаған ортамен тығыз байланысты бұзылған не жойылған табиғат объектісімен экологиялық байланыстың жойылуына алып келеді.

2) барлық келтірілген зиянды салдарлар бірден көрініс таппайды, олардың кейбіреуінің зиянды әсері уақыт еншісіне беріледі.

3) экологиялық зиянның маңызды ерекшелігі болып оның экономикалық құнына негативті антропогендік салдардың физикалық көлемінің анықтамасы болуы танылады. Сондықтан да экологиялық зиян деп қоршаған ортаға келтірілген негативті өзгерістерді тануымызға болады.

4) экологиялық зиян ерекше туындау нысандарын иеленеді.

Экологиялық зиянның өзіндік ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, олар төмендегідей:

- қоршаған табиғи орта элементтеріне бағытталған бір-бірімен тығыз байланысты және өзара бағынышты «сабақтас» зиянды әрекеттердің кейінірек қайта туындау мүмкіншіліктері;
- барлық зиянды әрекеттер салдары бірден көрініс таппайды, олардың біршамасының әлеуеті жоғары болып келеді;
- экологиялық зиянның пайда болу нысандарының әртүрлілігі, (ластану, табиғи ресурстардың сарқылуы, жойылуы, бұзылуы, табиғи экологиялық жүйенің бұзылуы).

Сонымен қатар қоршаған табиғи ортаға келтірілген экологиялық зиянды өтеудің әдіс-тәсілдері төмендегідей:

а) экологиялық сақтандыру – сақтандырылған жеке және заңды тұлғалардың мүліктік құқықтарын қорғаумен байланысты қоршаған ортаға, адам өмірі мен денсаулығына және өзге тұлғалардың мүлігіне зиян келтіру салдары нәтижесінде сақтандыру шартынан туындайтын кешенді

қатынастар. Экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге де қызмет түрлерімен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі міндетті экологиялық сақтандыруға жатады. Міндетті сақтандыру шарты тек сақтандырушының аталған сақтандыру қызметіне лицензиясы бар жағдайда белгіленуі мүмкін. Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты апатты ластану салдарынан қоршаған ортаға және үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыру болып табылады. Міндетті экологиялық сақтандыру сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы келісім-шарт негізінде өміріне, денсаулығына, мүлкіне зиян келтірілуі мүмкін үшінші тұлғаның және қоршаған ортаның пайдасына жүзеге асырылады.

Ерікті экологиялық сақтандыру жеке және заңды тұлғалардың өз еріктерін білдіру негізінде жүзеге асырылады. Ерікті экологиялық сақтандырудың түрлері, шарттары және тәртіптері сақтанушы мен сақтандырушының арасындағы келісім-шартпен анықталады.

Жалпы экологиялық сақтандыру қоршаған ортаға, өмірге, денсаулыққа немесе басқа тұлғалардың мүлкіне зиян келгенде, келісім-шартта көрсетілген міндеттемелерге жауапкершілік қатері төнгенде жеке немесе заңды тұлғаның (сақтандырылған) мүлкітік құқығын қорғауға байланысты қарым-қатынастардың кешені болып табылады. Экологиялық сақтандыру – өзіндік белсенді дамуды талап ететін маңызды бағыт. Нарықты жіті реттеу аясында сақтандыру төлемдері келтірілген шығынның мөлшеріне немесе тазалау жұмыстарының құнына тең келеді, сонымен қатар қайталанып тиюі мүмкін зиянды есепке алады. Мұндай жағдайда қоршаған ортадағы шығынды экологиялық сақтандыру жүйесін дамыту мақсатында ластаушы-кәсіпорындарды ынталандыру қарастырылған, демек олардың жүзеге асырып жатқан өндірістік процестері қоршаған ортаны ластау немесе апат тудыруға аз қауіп келтіретін болса, кәсіпорындар аз мөлшердегі сақтандыру төлемдерін төлейді.

б) Экологиялық зиянды әкімшілік нысанда өтеу дегеніміз – қоршаған ортаға келтірілген зиянды жоспарлы тәртіпте және сондай-ақ, құзыретті органдардың шешімі негізінде жүргізілуі.

в) Экологиялық талап та экологиялық зиянды өтеудің құралы болып табылады. Талаппен сотқа жәбірленуші немесе оның отбасының бір мүшесі, сондай-ақ прокурор, мемлекеттік басқару органдары, жәбірленушінің мүддесін білдіруші қоғамдық бірлестіктер жүгіне алады. Өз кезегінде істі қарау барысында жәбірленуші өзінің талаптарын нақтылап және денсаулығы мен мүлкіне зиян келгендігі туралы айғақтарын ұсынуы қажет.

Адамдардың табиғатпен қарым-қатынасқа түсудегі мақсаты табиғатты рационалды, мақсатқа сай пайдалану болып табылады. Әйтпесе қоғам мен табиғат арасында шиеленіс туындап, экологиялық дағдарыстың орын алары анық. Сол себепті де қоршаған орта қолайлы болу үшін табиғат құндылықтарының тиімді пайдаланылуын, сақталуын және қайта қалпына келтіру шараларын, сондай-ақ қоршаған ортаның сандық және сапалық көрсеткіштерінің өзгертілмеуін қадағалау қажет.

Жалпы қорытындылай келгенде, қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірілген залалды ерікті түрде жоюға не өзгеше тәсілмен оның орнын толтыруға құқылы. Тұлғаның залалды жою не оның орнын толтыру туралы міндеттемесі кепілхатта жазылуы тиіс. Сонымен қатар зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның өз қаражаты немесе сақтандыру төлемдері есебінен құндық нысанда жүзеге асырылуы мүмкін. Зиянды өтеудің құндық нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды молықтыру жөніндегі іс-шараларды орындауға, талапкерге, алынбай қалған пайданы қоса алғанда, өзге шығындарды өтеуге арналған ақшалай қаражат жатады. Тараптардың келісімімен сот шешімі бойынша зиян жауапкерге қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі міндеттерді жүктеу жолымен заттай нысанда өтелуі мүмкін. Зиянды өтеудің заттай нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіру, жойылған не бүлінген табиғи ресурстың орнына оған құны тең ресурс беру жөніндегі шаралар жатады. Өз кезегінде зиянды өтеудің өндіріліп алынатын сомасы мемлекеттік бюджетке, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда жәбірленуші тұлғаға аударылады.

Қазақстан Республикасы – табиғи ресурстармен қамтамасыз етілген әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі. Сондықтан да қоршаған ортаға қауіп туған жағдайда мемлекет, тіпті әрбір азамат өз кезегінде ол қауіпті жою және ондай қауіптердің болашақта қайта орын алуын болдырмауды қамтамасыз ететін шараларды қолға алуы қажет. Еліміздегі экологиялық жағдайдың жақсаруының бірден-бір кепілі – әрбір азаматтың экологиялық құқықтық санасының жоғары деңгейімен байланысты.

Қорыта айтқанда, қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бар байлығын адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту ісі бүгінгі күн талабына сай туындап

отырған келелі мәселе. Дархан табиғат қаншама бай болғанымен, оның сан алуан ресурстарының қай-қайсысы болмасын шексіз емес екендігін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отырған тұста әрқайсысымыз да Жер-Ананы көзіміздің қарашығындай қорғап жүру керектігін жадымызда ұстанғанымыз абзал.

Қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдары

Экономикалық зиян	Экологиялық зиян
Табиғи таза өнімнің жоғалуы	Табиғи ортаның ластануы
Ауыл шаруашылығы өнімдердің, егіс жайлардың, өзге де өнімдердің бұзылуы, бүлінуі, сапасын жоғалтуы.	Табиғи ортаның жүдеуі
Пайдаланылмаған шығындар, жоғалған пайда.	Экологиялық байланыстардың бұзылуы
Бұзылған табиғи орта жағдайының қайта қалпына келтіру шығындары	Антропогендік зиян: 1. Физиологиялық 2. Генетикалық

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін басқа экологиялық жауапкершіліктің түрлері.

Адамның табиғатқа әсер етуінің артқаны соншалық табиғи ортаны сақтау проблемасы адамның өзінің тіршілік ету проблемасымен қабысып жатыр. Сондықтан да күн тәртібінде экологиялық проблемаларды шешудің саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық құралдарын дайындау туралы мәселе тұр.

Дегенмен аталған проблеманы шешу жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың шеңберімен шектеліп қалмайды, олар жаһандық сипатқа ие болды. Жаһандық экологиялық проблемаларды шешу қажеттілігінің астарында халықаралық қауымдастықтардың бірігуі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту бар.

Жалпы, жоғарыда аталған құқықтық жауапкершілік түрлерінен басқа экологиялық-құқықтық жауапкершілік те көзделген. Құқықтық әдебиеттерде жер-құқықтық, су-құқықтық, орман-құқықтық және тағы сол сияқты арнайы жауапкершіліктің түрлері кездеседі.

Арнайы жауапкершіліктің мынадай түрлерін айтуға болады:

1. Экологиялық пайдалану құқығын шектеу. Мысалы, орман пайдаланушылар орман пайдалану тәртібін бұзғанда орман пайдалану құқығы тоқтатыла тұрады.

2. Экологиялық пайдаланудың белгілі бір элементтерін құрайтын шараларды тоқтату. Мысалы, орман пайдаланушылар жүргізетін жұмыстар олардың орманды қорғау жөніндегі шараларды орындамауымен байланысты ормандардың жай-күйі мен өндірісіне қауіп-қатер төндірсе, осы жұмыстар тоқтатылуы мүмкін.

3. Табиғат пайдаланушылар экологиялық пайдаланудың нормаларын, ережелерін және тағы басқа да талаптарын бұзған жағдайда экологиялық пайдалану құқығын тоқтату.

4. Табиғат пайдаланушылардың салақтығы табиғи ортаға зиян келтіретін болса, экологиялық пайдалану құқығынан айыру.

5. Өз еркімен табиғи объектіні пайдаланған құқық бұзушыға осы кезеңде табиғи объектіге жұмсаған шығынын өтемеу. Мысалы, өз еркімен басып алынған жер учаскелері қайтарып алынғанда сол учаскеге жұмсалған шығындар өтеуге жатпайды.

6. Бұзылған объектіні қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жүргізу міндетін құқық бұзушыға жүктеу. Мысалы, өз еркімен басып алынған жерді қайтарып алғанда ондағы құрылыстарды бұзу, жерді қалпына келтіру кінәлі тұлғаның есебінен жүргізіледі.

Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің әкімшілік және басқа да жауапкершілік түрлерінің нормаларына тән ерекше жүйесі болмайды. Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің нормаларын қоршаған ортаны қорғау салаларының әртүрлі институттарынан кездестіруге болады және олар мемлекетте табиғат пайдалануды басқарудың жеке элементтерімен ұқсас. Осы мән-жайлар арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік әкімшілік жауапкершіліктің бір түрі емес пе деген сұрақ тудырады. Алайда, арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік әкімшілік жауапкершіліктен мынадай белгілері бойынша ажыратылады:

1. Әкімшіліктік жауапкершілікті қолдану белгілі бір талап қою мерзімімен байланысты болады.

2. Әкімшілік шараларды арнайы өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қолданады. Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілікті сәйкесінше арнайы органдар немесе экологиялық пайдалануды басқарушы органдары қолданады.

3. Әкімшілік шараны әкімшілік-процессуалдық нормаларға сай қолданады, ал арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік табиғат пайдалануды басқару органдарының қарауы бойынша ерікті түрде қолданылады.

4. Әкімшілік шара айыппұл салу, заңсыз табиғат пайдалану құралдарын тәркілеу және тағы басқа түрде болады. Ал, арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік барлық уақытта мұндай салдарға әкелмейді. Жер учаскесін алып қою жер пайдаланушыны жерге қатысты бірқатар міндеттерден босатады.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі. Адамның табиғатқа әсер етуінің артқаны соншалық табиғи ортаны сақтау мәселесі адамның өзінің тіршілік ету мәселесімен қабысып жатыр. Қоршаған ортаның жайы бүкіл планетадағы экологиялық жағдайға үлкен әсер етеді. Сондықтан да экологиялық мәселелерді шешудің саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық құралдарын дайындау туралы проблема тұр.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу ерікті түрде немесе жүргізілу тәртібі Экологиялық кодекске сәйкес айқындалатын залалды экономикалық бағалау негізінде сот шешімі бойынша жүргізіледі.

Қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты жеке және заңды тұлғалар, егер зиянның еңсерілмейтін күш немесе жәбірленушінің теріс пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, жоғары қауіп көзі келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу нәтижесінде келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

Сондай-ақ мұнда Қазақстан Республикасының экологиялық заңдарын бұзғанының нәтижесінде келтірілген залалдың орнын толтыру тәртібі қарастырылған.

Мысалы, өнеркәсіп жерінің заңдарын бұзғаны үшін барлық құқықтық жауапкершілік түрлерін: қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті қарастырайық. Экологиялық заңдарды орындамау айыппұл санкцияларын пайдалануды, әкімшілік және тәртіптік шаралар, аса қауіпті жағдайда – қылмыстық жауапкершіліктерге әкеледі. Қылмыстық құқық қоршаған ортаны қорғауда басты тәсіл болып қарастырыла алмаса да, қоршаған ортаға аса қауіпті залал келтіргендігі сотпен анықталатын табиғатты қорғау заңдарын бұзушыларды жазалаудың құқықтық шарасын тағайындауда, экологиялық құқық бұзушылықпен күресте – қылмыстық-құқықтық тыйым салу қызметі маңызды орын алмақшы.

Ең қатал қылмыстық жауапкершілік – экологиялық құқық бұзулардың ішіндегі ең қауіпті қоғамдық-экологиялық залал келтіретін экологиялық қылмысты жасағаны үшін тағайындалады.

1. Қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірілген залалды ерікті түрде жоюға не өзгеше тәсілмен оның орнын толтыруға құқылы. Тұлғаның залалды жою не оның орнын толтыру туралы міндеттемесі кепілхатта жазылуы тиіс.

2. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның өз қаражаты немесе сақтандыру төлемдері есебінен құндық нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Зиянды өтеудің құндық нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды молықтыру жөніндегі іс-шараларды орындауға, талапкерге, алынбай қалған пайданы қоса алғанда, өзге шығындарды өтеуге арналған ақшалай қаражат жатады.

4. Тараптардың келісімімен сот шешімі бойынша зиян жауапкерге қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі міндеттерді жүктеу жолымен заттай нысанда өтелуі мүмкін.

5. Зиянды өтеудің заттай нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіру, жойылған не бүлінген табиғи ресурстың орнына оған құны тең ресурс беру жөніндегі шаралар жатады. Зиянды заттай нысанда өтеу келтірілген зиянды өтеудің тәртібін, талаптарын, мерзімдері мен көлемін реттейтін шарт және (немесе) келісім жасасу жолымен жүргізіледі.

6. Зиянды өтеудің өндіріліп алынатын сомасы мемлекеттік бюджетке, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда жәбірленуші тұлғаға аударылады.

7. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаны әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

Экологиялық дауларды шешу тәртібі:

1. Экологиялық дауларды соттар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шешеді.

2. Экологиялық құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы экологиялық даулар келіссөздер арқылы, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не тараптардың бұрын келісілген дауларды шешу рәсіміне сәйкес шешілуі мүмкін.

Экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жеке тұлғалардың денсаулығына келтірілген зиянды, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалды өтеуі ерікті түрде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізіледі. Зиян жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі, оның емделуіне және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсаған шығындары, аурудың күтіміне байланысты шығындары, өзге де шығыстар мен жоғалтулары ескеріле отырып, толық көлемде өтелуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 321-бабында экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды Экологиялық кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті. Сондай-ақ:

- 1) табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің;
- 2) табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдаланудың;
- 3) қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде апаттық, келісілмеген жаппай шығарындылар мен төгінділердің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың;
- 4) қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

Қазіргі кезде адамзатты қоршаған ортаның күрделі экологиялық мәселелері толғандыруда және оларды жедел шешу тәсілдері іздестірілуде. Бұл ізденістерде айналадағы бізді қоршаған орта туралы білімнің берері мол.

Бұл арада шешілуге тиісті ең негізгі мәселе – адамдардың табиғатқа тигізетін әсері қандай және одан қалпына келмейтін қандай тізбекті өзгерістер туындайтынын анықтау болып отыр. Бұл мәселені, бір жағынан, ғылым, екінші жағынан, ғылымның ашқан жаңалықтары негізінде іс-әрекет жасауға бастайтын білім ғана шешіп береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы.
2. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы.
3. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері.
4. Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік.
5. Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.
6. Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік.
7. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі және түрлері.
8. Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері.
9. Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі.
10. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін басқа экологиялық жауапкершіліктің түрлері.
11. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі.

Қолдануға ұсынылған әдебиеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ.
- 2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ.
- 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.
- 4) Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысы (2011.21.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 5) Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. – Караганда: Арко, 2001. – 337б.
- 6) Бринчук, М.М. Экологическое право (право окружающей среды). Учебник. – М.: Юристъ, 2004. – 688 с.
- 7) Еркінбаева Л.К. Правовое регулирование возмещение вреда земле. – Дис. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук. – Алматы, 1995. – 159 с.
- 8) Петров В.В. Экологическое право России. – М.: Бек, 1995. – 537б.
- 9) Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право РК.: Учебное пособие. – Алматы: Издательский центр ОФППИ «Интерлигал», 2004. – 312 с.
- 10) Абдраимов Б.Ж., Жарылқасын, Е. Возмещение экологического вреда. Монография. – 47 с. Доступен в Информационном справочнике «ПАРАГРАФ».
- 11) Еркінбаева Л.Қ., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. – 312 бет.